

Жауапкершілік жүгі ауыр
2-бет



Ас үйден басталған кондитер цехы
4-бет



Қоржында – тағы бір қола
8-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 8 ТАМЫЗ, 2024 ЖЫЛ №88 (23 410)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Жер астындағы жылыжай – Қарағанды бренді



Куәлік алу мүмкіндігі молайды

eGov.kz порталын пайдаланушылар енді жүргізуші куәлігін жарамдылық мерзімі аяқталған, жоғалған немесе ұрланған кезде ғана емес, сондай-ақ, тегі, аты және әкесінің аты өзгерген кезде де алуына мүмкіндік бар деп хабарлады «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ баспасөз қызметі.

Енді жүргізуші куәліктерін ауыстырған кезде пайдаланушылардың бұрын алынған жеке куәлігі мен паспортынан (3 жылдан аспайтын құжаттар) өз фотосын орнату мүмкіндігі бар. Мұндағы басты шарт – фотосуреті пайдаланылатын құжат мерзімі 3 жылдан артық болмауы керек.

Қызметке үш қадам арқылы қол жеткізе аласыз. Әуелі eGov.kz порталына кіріп, «Көлік және коммуникация» бөліміне өтеді. Содан соң қызметтер тізімінен «Жүргізуші куәлігін алу» тармағын таңдап, барлық қажетті жолдарды толтырады. Сонында ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қояды.

«Қызмет нәтижесімен Жеке кабинетте тағы да болады. Пайдаланушыға хабарлама қызметті алу тәсіліне қарай (онлайн немесе офлайн) 60 немесе 120 минуттың ішінде келеді», – дейді компания баспасөз қызметі.

Өз тілшімізден

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым саласын дамыту мәселесі бойынша «Бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет» деген болатын. Ғылым саласы ұлттық экономиканы жаңғырту ісінде аса маңызды рөл атқаруға тиіс екендігін айтып, «Біз алдымызға ғалымдардың санын көбейту, ғылыми эко жүйені нығайту сияқты мақсаттар қойып отырмыз. Сондай-ақ, ғылыми жаңалықтардың коммерциялық тиімділігін арттыру және ғылымды басқару жүйесін жетілдіру басты назарда болады» деген болатын.

Президенттің бұл пәрменін, Қарағанды өңірі, әсіресе, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің жерасты термос-жылыжайы сәтті орындап отыр. Аймаққа ат басын бұрғандар көмірлі қала кереметтерімен қатар жылыжайды көруге асық.

➤ 3-бет



• БІЛІМ

Облыс әкімінің гранты кімге бұйырады?

Қарағанды облысында жергілікті бюджеттен білім гранттарына құжат қабылдау басталды. Биыл гранттың 112-сі педагогикалық және медициналық мамандықтарға арналған. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Баспасөз қызметі таратқан мәліметтерге сүйенсек, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетіне бакалавриатқа 20 адам қабылданады. Мемлекеттік тапсырыс математика, химия, география, бастауыш сынып, АӨД, тілдер мен әдебиет мұғалімдерін, сондай-ақ, педагог-дефектологтарды дайындауды қамтыған.

Құжаттар 5-10 тамыз аралығында тапсырылуы тиіс. Тілек білдірушілер Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің қабылдау комиссиясына жүгінуі қажет.

«Медициналық мамандықтарға резидентура бойынша оқуға 92 орын беріледі: Қарағанды медицина университетінде – 79, Астана медицина университетінде – 13.

Мемлекеттік тапсырыс сұраныстағы мамандықтардан құралған. Атап айтқанда, акушерлік және гинекология, анестезиология және реаниматология, кардиология, неврология, нейрохирургия, жалпы хирургия, урология және андрология, офтальмология, оториноларингология, жұқпалы аурулар, неонатология, шұғыл медицина, педиатрия, терапия.

Резидентураға құжаттарды қабылдау 20-25 тамыз аралығында өтеді. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары тілек білдірушілерді күтуде», – делінген баспасөз қызметі таратқан ақпаратта.

Грант беру конкурстық негізде жүзеге асырылатынын еске сала кеткен жөн.

Өз тілшімізден

«Жолдың жайын жүрген білер»

Елдімекен арасын жалған жатқан күре жолдың жайын жүрген білер. Бейнетін де тартатын, зейнетін де көретін – жолаушылар. Бірақ, әлеуметтік желіге кіре қалсаңыз жол, жол сапасы жайлы жарытпай жарым сөз айтатындар ілуде біреу. Мәселен, талай жылдан бері жөндеу жұмыстары жүріп жатқан «Қарағанды-Балқаш» күре жолы. Мына жақтағы «Қарағанды-Қарқаралы» тасжолы. Одан қала берді «Қарағанды-Жезқазған» бағытындағы жолдың жыры да қосылады. Қазір барлық бағыт бойынша жол жөндеу жұмыстары үзіліссіз жүріп жатыр. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Максұт Қожанов өңірдегі жолдардың сапасын бес балдық жүйе бойынша үшке бағалады. Осы тұста сіздің де, біздің де тараптан сан сауал туындайтыны анық. Орынды-ақ. Біз сізге өңірдегі күре жолдың жайын жайып салайық. Бағасын өзіңіз берерсіз...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта 3000 шақырым жол жөндеуді қажет етеді

Аймақта жалпы ұзындығы 9332 шақырым жол бар. Оның 1825 шақырымы – республикалық маңызы бар жол болса, 4775 шақырымы – облыстық, ауданаралық жолдар. Бүгінде оның 3000 шақырымына жөндеу жұмыстары қажет. Солардың бірі – «Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы тасжолы. Басқарма басшысы аталған бағыттағы тасжолға халық тарапынан сын көп айтылатынын да жасырмады.



«Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы тасжолы бойынша сын көп. Негізі, бұл – республикалық маңызы бар автожол. Десе де, барлық сұрақ пен мәселе облыс басшылығына, содан барып «ҚазАвтоЖол» АҚ-ға жетеді. Ия, өңірде жол жөндеу жұмыстарына үлкен қажеттілік бар. Бірақ, біз жөндеу жұмыстарын елдің айтқанымен, немесе біреудің дегенімен жасамаймыз. Арнайы мамандар шақыртылып, комиссия құрылады. Комиссияның шешімімен шамадан тыс зақымдалған тұстары анықталады. Мәселен, өткен жылы «Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы тасжолдың 44 шақырымы жөндеуді қажет етеді. Биыл тағы 52 шақырымы жөндеу көреді. Бүгінде жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Осы мәселеге облыс басшылығы араласып, Көлік министрлігінен толық жөндеу жұмы-

«Автокөлік жолдарының құрылысы мәселесі шешімін табуға тиіс. Қазір оның сапасы сын көтермейді. Тиісті жұмыстар уақытылы және сапалы жасалмайды. Міндетін адал атқармаған барлық компания заң бойынша жауапқа тартылады. Бұл мәселеге мен баса назар аударамын. Бақылауды күшейтіп, жаңа нормативтік құжаттар қабылдау керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

тарын келесі жылы аяқтауды сұрады, – деді Максұт Қожанов.

Екі бағытта үнемі қатнайтын Абай есімді аудан тұрғыны:

– Жөндеу жұмыстары аудан басынан басталған. Қазір Ащысуға жетіп қалды. Шамамен жеті шақырымдай қалған шығар. Ал, әрі қарай, яғни, қалаға дейінгі жол сол баяғыша. Жүк

тиелген камаздар жолдың бәрін құрып бітті. Өзім үнемі осы екі ортада жүремін. Бұрынғыдай емес, жол шаршапайды. Арнайы белгілер қойылған. Тек, ақ сызықты әлі жүргізбепті. Жаңа жол төселгенді жол алшақтығы да қысқарды, – деді.

➤ 6-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 522.93

• USD/KZT 479.40

• RUB/KZT 5.61

• CNY/KZT 67.31

Қазақстан Ұлттық Банкінің 7 тамыз, 2024 жылғы дерегі бойынша



Жауапкершілік жүгі ауыр

Жылыту маусымына дайындық жұмыстары аймақ басшылығының және энергетикалық қадағалаудың тұрақты бақылауында. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск жылу электр орталығына кезекті рет барып, жөндеу барысын мұқият тексеріп, станция басшылығымен және мердігерлермен кеңес өткізді.



Күз жақындай түскен сайын ел көңілі жылыту жұмыстарына алаңдаулы. Осындай өзекті мәселені облыс басшылығы назарда ұстап отыр.

Сапар барысында аймақ басшысына жұмыстардың кесте бойынша жүріп жатқаны туралы егжей-тегжейлі баяндалды.

Биыл жоспарда негізгі және қосалқы жабықтарды ағымдағы және күрделі жөндеу тұр.

– Бүгінде үш қазандық агрегатында монтаждау, бөлшектеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Екі турбоагрегатта ағын бөлігі



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

бойынша жұмыстар мәреге жетті. Генераторлар бойынша жөндеу жұмыстары аяқталуда. Қазандықтарға келетін болсақ, екеуі дайын, қазір монтаждауға қарекет жасалып жатыр. Алдағы уақытта тағы үшеуі орнатылады, – деді «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС техникалық директоры Абылай Сейдүәлі.

Бұдан бөлек, Абылай Сейдүәлі келесі аптада көмір жеткізу бойынша тендерді қорытындылау керектігін және содан кейін бірден жинақтау басталатынын атады.

Шахтинск қаласында биыл жазда 3,7 шақырым жылу желілерін ауыстыру жоспарланған болатын. Жұмыстың негізгі көлемі орындалған. Сонымен қатар, алдағы уақытта 2 шақырым құбырдың жылу оқшаулағышы қалпына келтіріледі.

Ермағанбет Қабдулаұлы қала басшылығы мен ЖЭО-ға жылу беру маусымының дайындығына жауапкершілік керектігін еске салды.

– Сіз қысқа дайындық үшін жеке жауап бересіз. Қаржыландыру бар, барлық мәселелерді уақытылы шешіңіз! Нақты нәтижелерді күтеміз. Қала тұрғындарының үйіндегі жайлылық жылу көзінің тұрақты жұмысына байланысты, – деді аймақ басшысы.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Келелі міндет, еңсерілген меже

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Қанат Абзалиев жұмыс сапарымен Балқаш қаласында болды. Сапар барысында олар бірқатар денсаулық сақтау нысандарын аралады. Күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жедел медициналық жәрдем қосалқы станциясына да бас сұқты. Одан бөлек, көпсалалы ауруханасына, медициналық колледжіне барып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Нүрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен қалалық жедел жәрдем станциясының жаңа ғимаратына ат басын бұрды. Мұнда ғимаратты қайта жаңарту және жөндеу жұмыстары облыстық бюджеттен қаржыландырылған. Қазір шатыр, сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары аяқталды. Жылу және сумен жабдықтау, электр желілері, кәріз жүйелері жүргізілді. Өрттен қорғау, бейнебақылау жүйесі орнатылып, іргелес аумақты абаттандыру жұмыстары басталған. Былтыр шілде айында басталып, бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 283 миллион теңге бөлінген. Қосалқы станция 120 шақырым радиуста бүкіл Балқаш өңіріне қызмет көрсететін болады. Ол бірінші, екінші және үшінші жедел санаттағы қонырауларды қабылдайды.

– Бұрын кеңес заманында біздің станция жеке ғимаратта орналасқан дербес мекеме болатын. Қазбеков көшесінде орын тепті. Токсаныншы жылдардың аяғында қайта құруға байланысты станция қалалық ауруханаға қосылды. Өте тар, 150 шаршы метрдей еді. Тіпті, ерлер болсын, әйелдер қауымы болсын, фельдшерлер демалатын бөлме біреу ғана-тын. Ал, өткен жылы аурухананың бұрынғы мұрағаты болып табылатын ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу туралы



шешім қабылданды. Бұл жерде біздің аумақ әлдеқайда кеңейіп, шамамен 300 шаршы метрге ұлғаяды. Фельдшерлердің демалуына жақсы жағдай жасалады, – дейді Балқаш қаласындағы облыстық жедел медициналық жәрдем станцияларының қосалқы станцияларының менгерушісі Виктор Ли. Мамандардың мәлімдеуінше, қазіргі уақытта қалалық жедел жәрдем қосалқы станциясында 90 қызметкер жұмыс істейді. 6 бригадалан тұрады. Сондай-ақ, 8 вагон, 2 резервпен қамтылған.

Ғимараттың құрылысын «RICE KZ» ЖШС кестеге сай атқаруда. Бүгінде ішкі жұмыстар толығымен аяқталған. Қазіргі уақытта аумаққа асфальт төсеу, жиектастарды төсеу, сонымен қатар, гаражды жөндеу және көлік жууға арналған плиткаларды төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Учаске шебері Арман Жанабековтің айтуынша, былтыр 1 шілдеден басталған жұмыс 31 тамызда толығымен аяқталады. Жаңа ғимараттың ішінде 28 бөлме болады. Барлық фельдшер-

лер, жүргізушілер, асханашылар бөлек демалатын бөлмелер қарастырылған. Асханасы, жуыну бөлмелері де бар. Және де гараж бен автокөлік жуу орны бар. Арнайы жедел жәрдем көлігін жуып, жөндейтін бір бокс салынууда.

Сонымен қатар, облыс басшысының орынбасары мен денсаулық сақтау басқармасының орынбасары сала басшыларымен кездесті. Сала мамандарының мәлімдеуінше, облыста «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Қазіргі уақытта 14 нысан салынды, оның 78-і әлі де жоспарда бар. Оның ішінде, бұрынғы шипажай ғимараты күрделі жөндеуден өтеді және қалалық көпсалалы ауруханада ангиографиялық қондырғысы бар қабылдау-диагностикалық кабинеттің құрылысы жүргізілмек.

Медициналық нысандарды аралап, негізгі мәселелерді алға тартқан облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын көрсетілетін медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуды жіті бақылауды тапсырды. Сондай-ақ, тұрғындарға дәрі-дәрмекті қолжетімді ету, дәрігерлердің қызметін жетілдіру, ең бастысы, профилактикалық медицинаны дамыту шараларын басты назарда ұстау керектігін айтты.

БАЛҚАШ

Суреттер
ұйымдастырушылардан

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Бюджеттегі жаңа басымдықтар

Кезектен тыс XVII сессияда депутаттық корпусның бас-тамасымен өміршең өзгерістерді ескере отырып, осы жылға арналған облыстық бюджет қабылданды. Сессия жұмысына облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық басқармалар мен департаменттер басшылары, қала мен аудандар әкімдері, мәслихат төрағалары қатысты.



Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сессия қарсаңында тұрақты комиссиялардың кеңейтілген және бірлескен отырысы өткен еді. Онда бейінді комиссиялардың төрағалары – депутаттар Серғазы Әдекенов, Аян Әбдікәрімов бюджет жобасына өз ұсыныстарын алға тартты. Нақтылай келсек, тыңайтқыштардың құнын субсидиялауға әрі тұқым шаруашылығын дамытуға қажетті қаражатты қайта бөлуге, сондай-ақ, ауылдық елді-кеңдерде фельдшерлік-акушерлік пункттер салуды жалғастыруға облыстық бюджет қаражатын бағыттауға қатысты болатын.

Бұдан бөлек, депутат Аян Әбдікәрімов жобалық-сметалық құжаттаманы түзетуге байланысты Қарағандыдағы «Көгілдір тоғандар» шағынауданындағы мектепке инженерлік инфрақұрылым құрылысын аяқтауға қаражат көздеу қажеттігі туралы бастама көтерді. Ал, облыстық бюджеттің теңгерімділігі жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын ескере отырып, бейінді комиссия төрағасының бастамасы депутаттардың көпшілік дауысымен қолдау тапты.

Өз кезегінде облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов алдағы міндеттерді айрықша атап өтті.

– Сессия мүшелерінің назарына келіп түскен барлық ұсыныстар легі бейінді комиссияның кеңейтілген отырысында мұқият қарастырылып, мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы деңгейіне шығарылды. Жергілікті атқарушы органдардың басты міндеті – бюджет қаражатын тиімді және ұтымды пайдалану. Депутаттық корпус қабылданған шешімнің іске асырылуына тиісті мониторинг пен бақылауды қамтамасыз ететініне бек сенімдімін, – деп түйіндеді сөзін облыстық мәслихат төрағасы.

Ауыл медицинасы қалтарыста қалмайды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын Шет, Ақтоғай ауданына жұмыс сапары барысында халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту сынды күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, денсаулық сақтау нысандарын аралап көрді.

Шет ауданында Ерлан Бейсембайұлы аудан мен ауылдық округтердің әкімдері хәм мекеме басшыларымен кездесті. Кездесу барысында цифрлық отбасы картасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде жергілікті жауапты мамандардың есебін тыңдап, алдағы жоспарын пысықтады.

Сонымен қатар, «Д» және «Е» санатындағы отбасы санын қысқарту мәселесін де шешуді мұқият тапсырды. Бұдан бөлек, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша салынып жатқан медициналық нысандардың құрылысымен де танысты.

– Шет ауданына жасаған сапарымыздың басты мақсаты

– ұлттық жоба бойынша салынып жатқан медициналық нысандардың құрылысы барысымен танысу. Шетте мұндай 13 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Өр учаскені аралағанда мердігерлермен кездесіп, құрылыс жұмыстарының сапасын қадағаладық. Құрылысты жеделдету бойынша бірқатар тапсырма берілді, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Бұдан кейін Ақтоғай ауданының денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен кездесіп, медициналық қызмет көрсету жүйесін жақсарту мақсатында бірқатар міндет жүктелді.

Өз тілшімізден



Сурет шашк дереккөзінен

Жер астындағы жылыжай – Қарағанды бренді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жылыжайдың жағдайы қалай?

Жерасты жылыжайы өңірде алғаш рет ашылғандықтан, аймақ үшін айтарлықтай жаңалық. Биология-география факультеті мұрындық болған жобаны өңір ғалымдары 15 жыл бойы ойластырып келген. Жақында жылыжай жұмысымен танысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев факультет оқытушыларының еңбегін ерекше атап, өз тарапынан қолдау көрсететінін айтқан. Аймақ басшысының назарына жас өскіндер, герман сортты қиярлар, сондай-ақ, гүлдер мен өсімдіктер өсірілетін екі зал көрсетілді.

– Жер асты жылыжайы – қала үшін, студенттер үшін де жақсы бастама. Бұл – біз үшін көгалдандыруға арналған өсімдіктер мен ағаштарды орналастыратын, ал, студенттер үшін зерттеу жұмыстарына арналған өндірістік база, – деген болатын Ермағанбет Бөлекпаев.

Еліміздегі үшінші жылыжайдың ерекшелігі – Арканың саршұнақ аязында ауа райы – 28 градус болса да, жер астындағы жылыжайдың температурасы +25 градусты көрсетеді.

Құрылыс нысанын бас мердігер «СК new city» ЖШС сапалы етіп салып берген. Жалпы аумағы 270 шаршы метрді құрайды. Ұзындығы – 45 метр, ені – 5 метр, тереңдігі – 6 метр. Жылыжай жер бетінен 80 см-ге шығып тұр. Қалған бөлігі жылыуды жыл бойына бір қалыпта сақтап тұру үшін жер астына орналастырылған. Еден мен қабырғалары қыс айларында температураны +5-10 градустан төмендетпей, жылы ауаны бірқалыпта ұстайды. Мұнда тұрақты температура – +20-25 градус. Өсімдіктерді қыста суықтан, жазда ыстықтан сақтайды.

Биология-география факультетінің деканы Серікболат Талжанов жылыжай екі жыл бойғы қыс айларын ойдағыдай өткергенін айтады. Осы уақыт ішінде гүлдер мен көкөністер отырғызылып, олар өнімін беріп үлгерді.

– Басында жер бетінен жылыжай салуды жоспарлағанбыз. Бірақ ол – эргономика тұрғысынан тиімсіз екенін түсіндік. Солтүстік Еуропа елдерінің тәжірибесін зерттеу арқылы осындай жобаны дұрыс деп ұйғардық. Олардың климаты біздікіне ұқсас. Мұндай жылыжайдың Ұлытау облысында да бар екенін біліп, сонда барып, есептеулер жасадық. Жылыжай аяздың алғашқы сынақтарынан өтті. Көкөністер мен жас өскіндерді өсіріп қана қоймай, агротехнологияны дамыту үшін білім беру, зерттеу және өндіріс базасын құруға ниеттіміз, – дейді Серікболат Талжанов.

Мұнда өсірілген қияр, қызанақ секілді көкөніс түрлері университет асханасының қәдесіне жарап тұр. Ал, гүлдер мен ағаш көшеттері университет аумақтарын көгалдандыру үшін, қаланың көркін ашу мақсатында өсіріліп жатыр. Жас өскіндерді өсіру жобасын осы университеттің түлегі, PhD Арайлым Серікбай табысты жүзеге асыруда. Ол өзінің бұл идеясын Қарағанды қаласы әкімінің грантымен жүзеге асырып жатыр. Екі жылға жуықтады, өнімдерін қала-



дағы сауда орындарына, екі асханаға жеткізеді.

Арайлым және биоғұмус

ҚарУ түлегі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Арайлым Серікбай «Вермикультура әдісімен биоғұмус бойынша модельдік учаске құру және жастарға тәжірибе тарату» бизнес-жобасымен қала әкімінің грантын ұтып алған-ғын. Осы арқылы ғылым мен бизнесті ұштастырып, экологиялық бағыттағы жобаларды қолға алған. Жас ғалым

адамдарға да тұтынуға болады. Мұндай орталық ашуды бұрыннан бері армандайтынмын. Бұл жерде бес адам жұмыс істейді. Сонымен қатар, студенттерді тегін практиканы өткіземіз, – дейді жаратылыстану ғылымдарының магистрі Арайлым Серікбай.

Қазір кәсіпкердің өнім тасымалдауға арнайы 3 жылдық сертификаты бар. Жылыжайда айына 500 дана микроөскін шығарылады. Одан бөлек смузи, иммунитет тұзы, суусындар да жасап, оларды сатылымға қойған. Ол өз өнімдерін қала супермаркеттерінің



терможылыжайда «BioHumusKZ» деген атаумен жастар мен ересектерге арналған алғашқы ғылыми-білім беру орталығын ашқан.

– Бізде сатылымда арнайы жас агроном box-ы шығарылады. Онда балалар микроөскіндерді өздері күтіп-баптап өсіру үшін қажет заттар топтамасы бар. Қазіргі жастарда артық салмақ, смартфонға деген тәуелділік көп. Өзім де екі баланың анасымын. Сондықтан, оның алдын алу жолдарының бірі осындай ғылымға, білімге деген құштарлықтарын ояту деп ойлаймын. Біз шығаратын өнімдердің барлығы табиғи таза әрі құнарлы. Арықтап жатқан немесе спорттық диета ұстанатын

біріне және екі асханаға жеткізеді.

– Президент «Шикізатқа арқа сүйеп отырған ел алысқа бармайды. Бізге ғалымдар, инженерлер, өнертапқыштар қажет. Мамандарымыз әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай білімді, білікті болуы керек. Бір сөзбен, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет» деген болатын. Біздің ғылым ордасы бүгінгі және болашақ ғалымдар үшін қызмет етеді. Жаңашыл идеялары бар жастарды ортамызға қабылдауға дайынбыз, – дейді Арайлым Серікбай.

Басты мақсат – кампус пен қаланы көгалдандыру

– Басқалармен қатар, жылыжайға қарбыз тұқымын отырғыз-

«Ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Әсіресе дарынды, қабілетті жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасау өте маңызды.

Жасампаздық, жаңашылдық, білімпаздық және ғылымға құштарлық – нағыз озық елге керек басты қасиеттер.

Мен Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында осы мәселеге арнайы тоқталдым. Біз тұтас қоғам болып ғылымды жан-жақты насихаттауға күш салуымыз керек. Ғылымға қызығушылықты мектептен бастап оятқан жөн. Тұтас қоғам болып ғылым-білімді дәріптеуіміз керек»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

дық, өскіндер шықты. Болашақта басқа да бақша дақылдарын, күтімді талап ететін орхидеяларды өсіруге тырысамыз. Жас өскіндер мен көкөністерден студенттерге смузи дайындаймыз, – дейді биотехнология және экониторинг зерттеу паркінің жетекшісі Маргарита Ишмуратова.

Университет ғалымдарының алдағы уақытта кампус пен қаланы көгалдандыруда пайдаланатын өсімдіктерді көбейтпек ниеті бар. Сол мақсатта термос-жылыжайда Орталық Қазақстанның климаттық жағдайларына бейімделген жеміс-жидек дақылдарының топтамасын қалыптастырмақ. Қазіргі

ды жылыту үшін жазда салқындатып, көлеңкелеу үшін кететін шығындар азаяды. Бұл жағдайда өнімділік 2-3 есе артатынын байқауға болады, – дейді физиология кафедрасының профессоры Айдар Мұратұлы.

Профессордың сөзіне сүйенсек, бүгінде топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру, сол арқылы өсімдіктердің өнімділігін арттыру технологиясы – әлемдік сұранысқа ие. Соңғы 50 жылда топырақты аяусыз қолдану нәтижесінде оның сапасы мен көлемі апаттық жоғалудың алдында тұр. Сондықтан, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру технологияларына сұраныс жоғары. Әлемде жыл сайын 12 млн. гектар жер шөлге айналады және 25 млрд. тонна топырақтың құнарлығы жоғалады. Осыған байланысты әлемнің көптеген елдері гумус және экокәсіпшілік өндірудің жаңа технологияларын жасауды қолға алып жатыр.

– Қарағандыда көмірден гумус алу технологиясы бар. Біз сол көмір қалдығы (гумус) арқылы топырақ құнарлылығын байытамыз. Сонымен қатар, топыраққа жәндіктер, құрттар саламыз. Олар өз тіршілігімен топырақты табиғи жолмен құнарландырады. Сол арқылы барлық ағашты жерсіндіреміз. Өр жердің жағдайын сол өлкенің бағбаны мен зерттеушілері жақсы біледі. Өлкенің климатына қарай топырақты құнарландыру тәсілдерін өзгертеміз. Топыраққа нақты не керек екенін біліп барып, ағашты отырғызу керек, – дейді Айдар Мұратұлы.

уақытта жылыжай маңында 700-ден аса қылқанжапырақты және жалпақжапырақты өсімдіктер бар. 200 пирамидалық терек, 60 тал, сондай-ақ, шырша, қайың, үйеңкі, алма ағаштары, долана, жабайы алма ағаштары өсіп тұр.

– Аталмыш жоба міндетінің бірі – агротехнологияларды дамыту арқылы білім беру және өндірістік база құру. Білім алушылар мен қызметкерлер үшін қолайлы қоғамдық орындар жасау. Жылыжайдың ерекшелігі – ол жер бетінде емес, жер астында 2,5-3 метр тереңдікте салынған, еден мен қабырғаны қыста жылы ауамен, температураны +5-10 градустан төмендетпей бір қалыпта ұстауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде энергия тұтыну мен жылу шығынының төмендеуі байқалады. Сонымен қатар, қыста жылыжай-

Профессордың айтуынша, университет аумағын абағандыру жөніндегі жобаның басты міндетінің бірі – білім алушылар мен қызметкерлер үшін қолайлы қоғамдық орындар құру. Оған қоса, кампус пен қаланы көгалдандыруда пайдаланатын өсімдіктердің түрлік құрамын кеңейту үшін орталық Қазақстанның климаттық жағдайларына бейімделген жеміс-жидек дақылдарының топтамасын қалыптастыру. Осылайша, жоба университеттің мақсатты міндеттерімен сәйкес келеді, – дейді профессор.

Дендрарий саябақ сән беріп тұр

Озық технологиямен салынған мұндай жылыжай университеттегі биолог, биотехнолог мамандары, магистрант, докторанттарға оқу-өндірістік тәжірибе жинақтауға, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін кәдеге жарап тұр.

Бүгінгі таңда жылыжай маңындағы арнайы дендрарий саябақ университет көркіне көрік қосып, сән беріп тұр.

– Қала сыртында 1930 жылдары салынған ағаштар әлі өсіп тұр. Ал кейіннен егілген көшеттер жылыға жетпей солып қалып жатыр. Мұның бірден-бір себебі – жерсінбеу. Біз осы мәселені дендрарий саябақ арқылы шешкіміз келеді. Қазір барынша біздің климатқа бейімделген түрлерін іріктеуге тырысып жатырмыз, – дейді Серікболат Талжанов.

Бүгінде «Бөкетов» университеті – республикадағы білім беру және ғылыми-зерттеу нысандарын дамытуға әрі зерттеуге бағытталған оқу орындарының бірі. Университет қолданыстағы инфрақұрылымды үнемі дамытып отырады.

270 шаршы метрлік жылыжай және қызметкерлер мен білім алушылар үшін ашылған аллеялар мен демалыс орындары – республика ғалымдарының қызығушылығын оятуда.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ





• КӘСІБІ – НӘСІБІ

Ас үйден басталған кондитер цехы

Ақалдыр кентіндегі «Сарамел» кондитер кешенінің дәмі тіл үйретін тәтті өнімдеріне сұраныс жоғары. Алғашында кәсіпін үйде бастаған Әсел Ерболқызының кәсібі бүгінде орта домалаған. Үлкен цехтың жұмысы өнімді. Қомақты тапсырыстар қабылдайды.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкер Әсел бала кезінен ас үйге жақын өсіпті. Қолы қалт етсе, шайға түрлі торт, бәліш пісіруді әдетке айналдырып алған. Алғаш «Бал» мен «Ханымның саусақтары» тортын үйреніп алыпты. Ол кезде кәсіпкердің кондитер өнімдерін әзірлейтін цехтың жоқ уағы. Қазақтың той-қуанышы көп болған соң тапсырыс төпелеп түсе бастайды. Әрмен қарай мәзірін молайтқысы келеді. Содан орыс тілінде шығатын «Люблю готовить» («Тағамды дайындауды ұнатамын») деген шағын журналды іздеп жүріп сатып алып отырған. Кейіннен интернетке қол жеткен соң түрлі тәтті тоқаштардың құрамын, жасалу жолын содан алады. Сөйтіп торттың, тәтті десерттің түр-түрін пісіруді үйренеді. Содан асүйінен шағын цехқа ауысады. Кәсібі әрмен қарай дөңгелеген Әсел Ерболқызының қарамағында 24 адам жұмыс істейді. Кондитерлік цехы үлкейіп, соншама жұмыс



орнын ашып отыр.

Сатылымды ұйымдастыратын менеджерлер, аспазшылар, кондитерлер, дүкенші-кассирлер, салат, нан қамырларын дайындаушылар, бәліш, печенье пісірушілер, әлеуметтік желіге жауап беретін

маман, мобилограф бәрі цехтың еңбегін қыздырады. Екі көлік жүргізуші жеңіл көліктерімен тапсырыс берген тағамдарын тегін жеткізіп береді. Соның арқасында кәсіп өркендейді.

– Кулинариялық тәттілерге,

ыстық астарға тапсырыс өте көп. Үлгермей жатамыз. Тіпті, кейбір тапсырыстан бас тартуға тура келеді. Үлкендеу болмеге кофехана ашсақ деген ой бар. Өйткені, халық, әсіресе жастар сондай жердің болғанын қалайды. Отбасыларымен, балаларымен келіп тәтті бәлішпен кофе, шай ішкілері келеді. Туған күн, басқа да мереке күндері жиналады, – деп кондитер цехының басшысы алдағы жоспарымен бөлісті.

Білікті аспаз арнайы курс ашып, кенттің жастарына шеберлік сабақтарын жүргізеді. Одан дәріс алған жиырмаға тарта жас үйлеріне кент тұрғындарынан жеке тапсырыстар алып, кәсіптерін жалғастырып жатыр.

Кәсібі өрге басқан Әсел Ерболқызы ауруханадағы қызметін де қатар алып жүр. Әдістемелік бөлімінде медицина маманы. Қызметіне де тиянақты.

Кәсіпкер қайырымдылық шараларын да назардан тыс қалдырмайды. Ол жағдайы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға қаржылай көмек көрсетеді. Кент ішінде өтетін мәдени және спорттық іс-шараларға үнемі демеушілік жасайды.

Аудан экономикасының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосып, халықтың той-қуанышына тәтті өнімін ұсынып жүрген «Сарамел» кондитер цехының кешегі мен бүгінгі осындай.

Шет ауданы

• СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН КЕНТІНЕ – 90 ЖЫЛ

«Той атымен тон тігіледі»

Шет ауданының Сәкен Сейфуллин атындағы кент 90 жылдық мерейтойын дүркіретіп атап өтті. Мерейтойға арналып отыздан астам киіз үй тігіліп, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Тұрғындар ат жарысын тамашалап, арқан тартыс пен қазақ күресінен сайысқа түсті.



Аталған кенттің салтанатты мерекелік кеші «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінің өмірі туралы театрландырылған қойылымынан басталды. Олардың ішінде, Шет ауданының тумасы, қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, жазушы және драматург Сәкен Сейфуллин бар. Биыл жазушының туғанына 130 жыл толатынын атап өткен жөн.

– Мерекеге орай 31 киіз үй тіктік. Спорт түрлері бойынша жарыстар, сайыстар ұйымдастырылды. Жергілікті және шақырылған әртістер өнер көрсетті. Мерекеге дайындық алдын ала басталды. Кентте абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүріп жатыр, – дейді кент әкімдігінің мамандары.

Кентте «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 10 көше асфальтталды. Бұғалы және Қазыбек би көшелерінде футбол және ойын алаңдары орнатылып жатыр.

Қазірдің өзінде екі қабатты екі үйдің шатыры мен Мәдениет үйі жөндеуден өткен.

Мәдениет үйі жанында шағын алаң, орындықтар, қокыс жәшіктері орнатылып, жарықтандыру жұмыстары

жүргізілген және жаю жүргінші жолдары салынған.

Бұдан бөлек, кентте жайлы мектеп құрылысы жалғасуда. Мектепте 300 бала білім алады деп жоспарланып отыр. Ескі мектеп ғимараты тар. Қазір онда 600-ден астам бала оқиды.

– Сонымен қатар, кентте бірнеше көшенің жолына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Болашақта ауылдың барлық көшесін асфальттап, заманауи балалар алаңдары мен футбол алаңдарын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Ауылда 3 мыңнан астам адам тұрады. Орталық сумен жабдықтау, заманауи дәрігерлік амбулатория, спорт мектебі бар. Абаттандыру жұмыстарын одан әрі жалғастырамыз, – дейді ресми ұйым өкілдері.

Той қарсаңында Сәкен Сейфуллин кентінде «Жарық – 90 жыл» 3D символы және «Сәкен Сейфуллин – 130 жыл» деген жазулары бар шағын сәулет нысаны орнатылғанын атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Суреттер
облыс әкімдігінің сайтынан



• Өңірлерді дамыту

Стадионның сәні кіреді

Теміртау қаласының Металлургия стадионында жуырда басталған ағымдағы жөндеу жұмыстары алдағы қыркүйек айының соңында аяқталып, оның сәні кіреді деп жоспарланған.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл стадион 1978 жылы салынып бітіп, пайдалануға берілген еді. Сол күнгі ашылу рәсімінде Қарағанды металлургия комбинатының Домна пешінен арнайы жағылған олимпиадалық алауды теміртаулық атлеттердің эстафетімен жеткізгені де есімізде. Одан кейін де бұл жерде Теміртаудың «Болат» футбол командасының тартысты ойындарын сан мәрте тамашалағанбыз. Жалпы, 11754 адамға арналған спорт нысанында кәсіби, жастар спорт клубтары арасындағы Қазақстан чемпионаттары да талай рет өтіп жататын.

Мұнда футбол, волейбол, жаттығу алаңдары мен жүгіру жолдары бар. Салынғанына жарты ғасырдай уақыт болған оған күрделі жөндеу тек 2008 жылы ғана жасалып, содан бергі мезгілде көп



нәрсенің тозығы жеткенді.

– Стадион бұрын облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының бағынысында болатын. Енді ол біздің қаланың балансына беріліп, оны ағымдағы жөндеуге жергілікті бюджеттен 114 миллион теңге бөлініп, ол жұмыстарды орындайтын мердігер анықталды, – дейді Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Самат Зияшев.

Айтқандай, осы жұмыстарды жасауға тапсырыс беруші Теміртау

қаласының «Мәдениет, демалыс саябақтары және гүлзарлар басқармасы» КМҚК мен мердігер ұйым «Есім-Астана» ЖШС арасында жасалған келісімшартқа сәйкес жөндеу жұмыстары басталып та кетіпті.

Құрылысшылар стадион аумағындағы қоқысты шығарып, енді оның тостағаны ішіндегі тартан, асфальт-бетон жабыны мен жиектастарын бөлшектеуді 90 пайыз тәмамдап, одан әрі жиектастарды орнату, тығыздағыш пен төсем

қабаттарын төсеу, негізгі құрылғылары мен резеңке үгінділерінен құйылатын тартан жабынын ауыстыруға кіріспекші.

Сөйтіп, қыркүйектің соңында теміртаулықтар тағы да бір қуанышқа кенеліп, осында өтетін футбол ойындарын көріп, жүгіріп, жаттыға алатын болады.

ТЕМІРТАУ

Сурет
ұйымдастырушылардан

Әлеуметке әрбір сала маңызды

Жақында Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынның төрағалығымен кеңейтілген жиын өтіп, аудан бойынша мәдениет және спорт салаларында атқарылып жатқан жұмыстардың барысы талқыланды.

Болатбек ӘШІМҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл 200 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан Қарқаралы қаласы мен аудан көлемінде аталған салаларда бірқатар жағымды жаңалықтар болды. Қарқаралыдағы Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйі мен Қарағайлы мәдениет үйіне, Қарақөл ауылындағы клубқа күрделі жөндеу жасалып жатыр. Сонымен қатар, Айнабұлақ, Томар, Тегішілдік ауылдарының клубтарына ағымдағы жөндеу жұмыстары басталған. Бұдан бөлек, Қарқаралы балалар кітапханасына да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Егіндібұлақ мәдениет үйіне жаңа микроавтобус берілді.

Осы жылы құрылғанына 55 жыл толып отырған «Салтанат» халықтық ән-би ансамблі Польша мемлекетіндегі дәстүрлі фольклорлық фестивалге қатысып, Гран-При иеленіп, еліміздің мерейін өсіріп қайтты.

Бұл орайда спорт саласындағы өзгерістерді айтсақ, Қарағайлы кентінде «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Жобаны бастауға республикалық бюджеттен 110,9 млн. теңге бөлінген. Көктас ауылында салу көзделген спорт кешенінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өтті. Бұл жоба келесі жылы толығымен жүзеге асырылады деп жоспарланған.

Сондай-ақ, Қарқаралы қала-



сының мерейтойы аясында қала бойынша жүргізіліп жатқан орталық стадион құрылысы санаулы айдың ішінде аяқталуы тиіс. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен «Самұрық-Қазына» қорының

есебінен биыл Жарлы ауылында, келесі жылы Бүркітті ауылында спорт кешендері салынбақшы.

Аталған жиын барысында аудан әкімі Әділжан Арғынұлы көктемгі су тасқынының алдын

алу кезінде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, белсенділік танытқан бірқатар азаматтарға облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің басшысы Мұрат Қатпановтың Алғыс хатын табыс етті.

– Қазір су тасқыны қаупі болмаса да, бұл жылы жауып қоятын мәселе емес, – деді аудан басшысы. – Табиғи келеңсіздіктермен күреске әзірлік жыл бойы тұрақты жүргізіледі. Инженерлік жұмыстардың сапасына мән беруіміз керек. «Апат айтып келмейді», сондықтан, бәріміз қай уақытта да дайын болуымыз керек. Баршаңызды, ауылдық округтердің әкімдерін, салалық бөлімдер мен мекемелерді, жауапты мамандарды қауіпсіздік мәселелерін үнемі бақылауда ұстауға шақырамын.

Су тасқынына қарсы іс-шараларды өткізуге қосқан үлесі мен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою ісінде көрсеткен көме-

гі үшін аудан әкімінің орынбасары Данияр Омаров, аудан әкімі аппаратының басшысы Шығыс Шәріп, Нұркен ауылдық округінің әкімі Аян Бейсенбеков, Тегішілдік ауылдық округінің әкімі Нұрлан Қапан, Бесоба ауылдық округінің әкімі Ержан Қуанышбаев, Ынталы ауылдық округінің сол кездегі әкімі Айдын Беков марапатталды.

Аудан әкімі жиын барысында мәдениет пен спорт саласының жетекшілеріне ағымдағы және жоспардағы жұмыстар бойынша іс-шараларды ширатуды тапсырды. Жөндеу-құрылыс жұмыстары аяқталған соң жаңарған ғимараттардың әрқайсысы халыққа тиімді, пайдалы қызмет көрсететін орталыққа айналуы тиіс.

Қарқаралы ауданы

Сурет
ашық дереккөзден

Айқын басымдық, қарышты қарқын

Қазақстан жылу энергетикасы саласындағы елеулі өзгерістер табалдырығына табын тірелі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы саладағы реформалардың іске асырылуын байыппен бақылайды. Ал, ел үкіметі өз кезегінде саланы жаңғыртуға, энергия тиімділігін арттыруға және экологиялық таза технологияларға инвестиция тартуға бағытталған жаңа саясат пен реформаны әзірлей түсуде. Жаһандық сипат алған энергия ресурстарына сұраныстың күрт артуы әрі климаттың өзгеруімен күресу қажеттілігі жағдайында бұл шаралар кешені елдің экономикасы мен энергия қауіпсіздігінің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің алтын кілті десек, қателесе қоймаймыз.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заңнамаға аңдатпа

Президент «Жылу энергетикасы туралы» Заңға қол қойды. Құжат алғаш рет жылумен жабдықтау жүйелерінің сапалы жұмыс істеуі мен дамуы үшін жылу энергиясын өндіру, беру, өткізу және тұтыну үдерісінде туындайтын қоғамдық қатынастарды дербес Заң түрінде реттейді. Сонымен қатар, жылу энергетикасы саласының сапалы және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жаңа тетіктерді енгізу мен қолданыстағысын күшейту жолымен реттеу жүйесі жаңғыртылды. Жылу энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары айқындалды. Одан бөлек, аталған сектордың дәйекті әрі тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін оны ілгерілетуді жоспарлау, жай-күйін бағалау тетіктері енгізілді. Атап айтқанда, Энергетика министрлігі жылу энергетикасының өңірлер, сондай-ақ, өндіріс, тасымалдау, өткізу, тұтыну секторлары бойынша салалық мемлекеттік органдар әзірлеген негізгі және мақсатты көрсеткіштерді бекітеді. Жылумен жабдықтау жүйесі құрылымдалып, жабдықтау субъектілер мен тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері реттелген.

Негізінде жылумен жабдықтау жүйесі қуаттылығына және тұтынушылардың қосымша жүктемесіне қарай орталықтандырылған, жергілікті және жеке жылумен жабдықтау болып бөлінеді. Сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін тарифтік реттеу, энергия үнемдеуді қолдау, жылу энергетикасында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану тетіктері жаңартылды. Жылумен жабдықтаудың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары, жөндеу жұмыстарын жүргізу әрмен қарай жылу энергиясы көзін пайдаланудан шығару шарттары нақты белгіленді. Сонымен қатар, жылыту маусымына дайындықты қамтамасыз ету талаптары күшейтілді.

Мұнымен іс тиянақталғанымен, әсте тәмам болмасы анық. Мемлекет басшының алдында Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев еліміздің отын-энергетика кешенінің былығы бірінші жартыжылдықтағы дамуы жөнінде есеп берді. Спикердің айтуынша, осы уақыт аралығында 44,7 миллион тонна мұнай өндірілген. Мұнай өнімдерінің өндірісі 6,78 миллион тоннаны құраған. Сондай-ақ 30,1 миллиард текше метр газ өндіріліп, электр қуатын өндіру көлемі 60,4 миллиард кВт/сағатқа жеткен. Президентке ведомствоның тұтынушыларды электр қуатымен және жылумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жоспары жөнінде мәлімет берілді. Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерін дамыту шаралары туралы баяндалды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы жылыту маусымына дайындық бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді және ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуді тапсырды.

Жылумен жабдықтауды жаңғырту


Энергетика министрлігі жылумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жұмысын жалғастыруда. Бекітілген кесте шеңберінде 9,3 мың км электр беру желілеріне, 195 қосалқы стансаларға, 1 537 тарату пункттеріне және трансформаторлық қосалқы стансаларға күрделі жөндеу жүргізілді. Биыл 20,8 мың км электр беру желілері мен 422 қосалқы стансаға жөндеу жүргізу көзделген, сондай-ақ 10 энергоблоқты, 55 қазандықты және 45 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланып отыр.

Аймаққа ойысар болсақ, мұнда да даярлық тастүйін. Қарағандыдағы үшінші жылу электр орталығында отын жинақтау үдерісі қарқын алған. Қоймада 350 мың тоннадан астам көмір мен 1000 тоннаға жуық мазут бар. Жабдықты жаңа жөндеу амалдары да жалғасуда.

Бұған дейін «Қарағанды Энергоцентр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бірінші жылыту электр орталығында қазандық агрегаты мен екі турбинаны жөндеу аяқталғанын хабарлаған болатын. Өзіргі оңдау шаралары өзге жабдықта да жалғасын табуда.

Үшінші жылу электр орталығы шаһардағы жылумен жабдықтаудың негізгі көзі екенін ескерсек, негізгі жабдықтың барлық 14 бірлігі жөндеумен қамтылады.

– Бүгінде үш қазандық пен үш турбинаны оңдау үлгердік. Қазір станцияда екі қазандық агрегаты күрделі де ағымдағы жөндеуден, ал, турбинаны кеңейтілген ағымдағы жөндеуден өткізудеміз. №5 қазандық агрегатын күрделі жөндеу кезінде құрылғы экрандарының панельдерін толық ауыстыру, радиациялық бу қыздырғышты, екі сатылы су экономикайзерін, шикі көмір бункерлерін жаңарту орындалады. Ауыстырылатын қыздыру беттерінің жалпы массасы – 250 тонна. Сонымен қатар, газ тазарту қондырғылары – эмульгаторлар тазалаудың жоғары дәрежелі жаңасына ауыстырылады. Ең бір күрделі де көлемді істер 120 күнге есептеліп, жаздың соңына дейін жалғасады, – деп хабарлады «Қарағанды Энергоцентр» серіктестігінің өкілдері.



Сондай-ақ, жылу электр орталығындағы №4 турбинаны кеңейтілген ағымдағы жөндеу жалғасын тауып, мұнда барлық цилиндрлерді анып, орташа қысымды роторды ауыстыра отырып, турбинаның ағынды бөлігін жөндеу, генераторды күрделі жөндеу, турбинаның мойынтіректерін, жоғары қысымды жылытқышты жөндеу жүргізілді. Ең ауыр температуралық жағдайларда жұмыс істейтін қазандық агрегаттарының қыздыру беттерін жөндеуге байланысты жұмыстар жүргізілді.

Жүздеген адамдар қыс мезгілінде негізгі және қосалқы жабдыктардың сенімді және дұрыс жұмыс істеуі үшін аянбай жұмыс істеуде. «Қарағанды Энергоцентр» басшысы Флюр Гарипов бүгінде қандай жұмыстар атқарылып жатқаны туралы егжей-тегжейлі баяндады.

2024-2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындыққа барлығы 21 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылған. Осы сомдан ақшаның көп бөлігі үшінші жылу электр орталығы жабдыктарын жөндеуге жұмсалды. Бұл – 19 миллиард 897 миллион теңге. Ал, бірінші жылу электр орталығын оңдауға 1 миллиард 601 миллион теңге шамасындағы қаражат қарастырылған.

– Сома әр түрлі, себебі бірінші жылу электр орталығы тек жылыту кезеңінде, яғни, қазаннан сәуірге дейін қолданылады, – деп түсіндірді «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС Бас директоры.

Бұл бағыттағы жұмыс легі кестеге

сәйкес орындалып, барлық жабдыктар жөндеумен қамтылған.

Биыл ЖЭО-3-те бірнеше жыл бойы жүргізілмеген ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мысалы, күрделі жөндеу аясында №5 қазандықтағы жабдықты ауыстыру жұмыстары қарқынды. Бұрнағы жылыту маусымында №5 қазандық алты тәулік бойы апаттық жағдайда еді. Оның орнына резервтік қазандық қолданылды. Тұтынушылар ешқандай өзгерісті сезінбегенмен, Флюр Гарипов бұл жағдай станция үшін қолайсыз дейді. Қазандықты жөндеу үшін оны кем дегенде 12 сағат салқындату керек. Осы себепті, осы жөндеу науқаны кезінде №5 қазандыққа көп көңіл бөлінеді. 1 және 2 сатылы су үнемдегішті ауыстыру және экологиялық нормалар талаптарына сәйкес үшінші буындағы батарея эмульгаторларын орнату жүргізіледі.

– Монтаждау жұмысы қызу. Күрделі жөндеуге қажетті барлық жабдыктар станцияда, сатып алу үдерісі 2024 жылдың қаңтарына дейін жүргізілген. Бір ай бұрын біз іске кірістік. Бір бөлігін өз қызметкерлеріміз оңдаса, күрделі жөндеу жұмыстарының көп бөлігін мердігерлер орындайды. Қазандықты жөндеумен барлығы 100-ге жуық адам айналысады, – дейді Флюр Гарипов.



Коллажды жасаған Е.Кеңесбекұлы
Суреттер ашық дереккөзден

Қамданыс қапы қалдырмайды

Жөндеу бағдарламасы аясында көмекші жабдық аумағында ауқымды жұмыс орындалады. Яғни, трансформаторлар, теміржол, конвейерлер, өрт сөндіру құбырлары, бейнебақылау жүйесі, ғимараттар мен құрылыстарды оңдап, сорғы паркін ауыстыру, генераторды жөндеу.

– Ең алдымен жүргізіліп жатқан жұмыс жылу маусымының апатсыз өтуіне тастүйін даярлық. Жабдық сынуға бейім, мұндай жөндеу тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді. Бу өнімділігінің жоғарылауы немесе жылу генерациясы болмайды, жөндеу кезінде жобалық қуат өзгермейді. Алайда, қазір Қарағанды ЖЭО-3 қуатын кеңейту мәселесі қарастырылуда. Мердігер таңдалады. Бұл 2016 жылы осы станцияда ЖЭО-3 кеңейту жобасын жүзеге асырған қытайлық компания болуы да мүмкін. Содан кейін орнатылған қосымша жабдық «қамшы салдырмайды», – дейді «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС Бас директоры.

ЖЭО-3 кеңейту жобасын 2028 жылдың қаңтарында аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, қойманы отынмен толтыру бағдарламасының барысы бәсеңдемейді. ЖЭО-да көмірдің ең аз қоры 20 тәулікке жететі тиіс. Шамамен 200 мың тонна көмір болуы керек. Қазір қоймада 250 мың тонна көмір бар. Осы айда көмір жеткізу бағдарламасында 81 маршрут

бар. Отын-көлік цехын жөндеу, темір жолдарды ауыстыру жоспарланған. Жұмыс мерзімі 21-24 күнді құрайды, жеткізу шектеледі. Осыдан кейін біз жеткізу көлемін ұлғайтып, қойманы 330 мың тонна көмірге дейін толтыру көзделді. Өл-өзір ЖЭО-ны жылыту маусымына дайындау бойынша барлық жұмыстар мерзімінде жүріп жатыр, кестеден кешігу аңғарылмайды.

Әлі артқан энергетика

Қазақстанның энергетикалық секторы энергетикалық қауіпсіздік пен орнықты дамуы қамтамасыз етуге маңызды рөл атқаратынын айқындай түсуде. Атамекеміз мұнай, газ және көмір сияқты табиғи ресурстардың қомақты қорларына не бола отырып, есепсіз байлықты пайдалануды оңтайландыруға, заманауи технологияларды енгізуге және энергетика жолының жарқын бола түсуіне ұмтылады. Соңғы жылдары елімізде энергетикалық инфрақұрылымның жұмыс істеуін жақсартуға, инвестициялық тартымдылықты арттыруға және цифрлық технологияларды енгізуге бағытталған ауқымды реформалар мен жаңғыртулар жүргізілуде. Бұл тұрғыда энергетика секторындағы қазіргі тен-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

қорытындысы бойынша Қазақстанда газбен қамту деңгейі 60%-ды құрады, табиғи газға 12 млн. адам қол жеткізе алды. 2024 жылға 128 елдімекенді газдандыру жоспарланған, бұл газбен жабдықтау деңгейін 61,8%-ға дейін арттырады. Бүгінге дейін 107 жобаны іске асыруға 89,3 млрд. теңге бөлінді. Бұл 232,6 мыңнан астам халқы бар 44 елдімекенді газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, жыл соңына дейін 300 мыңнан астам адамды газбен қамтамасыз етуге және 1,7 мың шақырым газ құбырларын жаңғыртуға, яғни, жаңа құрылысқа қосымша 105,4 млрд. теңге бөлінетін болады.

Қазақстанда 60,169 млрд кВт/с тұтыну кезінде 60,449 млрд кВт/с электр энергиясы өндірілді. Бұл көрсеткіштер еліміздің электр желілік инфрақұрылымының тұрақтылығын көрсетеді. Алғашқы 6 айда жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіру көлемі сағатына 3,8 млрд. кВт құрады, бұл – электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінің 6,47%-ы.



Электр энергетикасы инфрақұрылымын жаңғыртуға келсек, Инвестициялық бағдарламалар шеңберінде электр желілік шаруашылықты реконструкциялау және жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2024-2029 жылдары 300 млрд. теңгеге дейінгі жобаларды қаржыландыру жоспарлануда. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде қайтарымды инвестициялардың жылдық лимитін 32 млрд. теңгеден 428 млрд. теңгеге дейін ұлғайту көзделген, бұл қолданыстағы энергетикалық объектілерді жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Осы жылы бірнеше негізгі бастама жүзеге асырылды. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық-келісімшарттарына цифрлық мониторинг жүргізу бойынша қанатқақты жоба іске қосылды.

«Цифрлық генерация картасы» модулі тәжірибелік пайдалануға енгізіліп, жаңартылатын энергия көздері бойынша есептерді қабылдау басталды. «Энергетиканың цифрлық платформасы» шеңберінде энергия өндіруші кәсіпорындардың паспорты мен мемлекеттік органдар мен тұтынушыларға арналған кабинеттерді қоса алғанда, түрлі модульдер әзірленіп, енгізілді.

Осы жылға арналған жоспарлар жүйесі дамытуды және үдерістерді одан әрі цифрландыруды қамтиды, бұл энергетика ресурстарын басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және мұнай-газ саласы үшін тауарлардың электронды жіктеуіштерін құру жобаларын атап өткен жөн. Жасанды интеллект элементтерін пайдалану отырып, жеткізу жоспарын автоматтандыру, мотор майларын таңбалау және қадағалау бойынша пилоттық жобаларды іске қосу жұмыстары жүргізіліп келеді.



• РЕСМИ

Өтінім қабылдау басталды

Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына конкурс басталды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мәлімдеді. 2024 жылғы «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы бойынша 3 млн. теңгеден 30 үміткер грантка ие болады.

Аталған жоба белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған, жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекет тарапынан қолдауды көздеп отыр.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының он төрт жас пен отыз бес жасқа дейінгі (34 жас қоса алғанда) азаматтары үміткер бола алады.



Гранттар 6 бағыт бойынша беріледі. Атап айтсақ, «Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған, «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған, «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған, «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған, «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған, «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Үміткерлер конкурсқа қатысу үшін өтінімін 2024 жылдың 5 тамызы мен 6 қазан аралығында t.urpaqtary2024@mail.kz электронды поштасына жіберуі керек.

Өтінімдер мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде қабылданады. Сонымен қатар, 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық өтінім, 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы, жоба бойынша (60 секундтан аспайтын) бейнематериал немесе (10 слайдтан аспайтын) презентация, 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы, PDF форматындағы зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса), PDF форматындағы жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі болуы тиіс.

Өз тілшімізден

• ТЕАТР

Маусымашарға шақырады

Қарағанды көмір мен темірдің отаны ғана емес, өнерлі өлке. Мұнда театрға көзқарас мүлдем бөлек. Тағампаз көрермен де қалыптасқан. Шаһарда төрт бірдей театр бар. Соның бірі – Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры 52-маусымын сенбі (10 тамызда) күні сағат 17.00-де Кеншілер мәдениет сарайының сахнасында ашады.

Дерекке сүйенсек, театр маусымының ашылуында Имре Кальманның «Сильва» опереттасы сахналанбақ.

Жаңа маусымда аталған классикалық туындының сахналанатыны туралы өткен театр маусымының соңындағы гала-концертте театр директоры Амантай Ибраев мәлімдеген еді.

Естеріңізге сала кетейік, биыл жазда музыкалық комедия театры жанындағы қуыршақ театры студиясының әртістері Балқаштағы ашық шоуларға қатысып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген.

«Ауыл – ел бәсігі» бағдарламасы бойынша да облыстың шалғай аудандарында да қойылымдар қойғанын атап өткен жөн.

Ал, венгр композиторы Имре Кальманның туындысы 52-маусымның ашылуына кездейсоқ таңдалған жоқ. «Сильва» – әлемнің барлық театр сахналарында қойылған классикалық опереттаның жарқын үлгісі.

2005 жылы музыкалық комедия театрында қойылым премьерасының қоюшы-режиссері Ресей Федерациясының халық әртісі, «Алтын маска», «Золотой софит» театр сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Юрий Александров болса, қоюшы-суретшісі – Марин театры, Молдова Республикасы, Беларусь және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, «Золотой софит» театр сыйлығының иегері, Ресей Федерациясының халық әртісі Вячеслав Окунев.

Өз тілшімізден

• МАРАФОН

1111 шақырым: ерік-жігер сыналған сапар

Жерлес жиһанкез, «Әлемді жаяу аралаймын» жобасының авторы, трэвел-блогер Асхат Қажытай «Анкарадан – Батумиге» сапарын аман-есен жүріп өтті. 1111 шақырым. Сонау шартарапты жаяу шарлап келді. Ерік пен жігер, күш пен қуат. Барар бағыты кенет бұрылған кезекті марафон.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Асхат Қажытайды көбі «Жауауапан», «Жаяу адам» ретінде жақсы біледі. Ол жаяу сапарын ең алғаш туған жерінен, Ақсораң биігін бағындырудан бастаған еді. Кейінгі «Ұлытау» марафонынан жаракат алып, дәрігерлер оған үлкен сапарларын кейінге шегеруге кеңес берді. Өзінің сол кезде ойында жүрген «Түркия – Түркістан 5555 шақырым» жобасын екі жылға шегерді. Тіпті, сол екі жыл бойы жаттыға да алмай, салмағы 118 келіге дейін өседі. Дегенмен, жаяу жүруді жаны сүйетін марафоншы үлкен сапарларға іштей дайын еді.


Екі жыл дегеніңіз, атқан октай өте шығады. Марафоншының бұл жолғы сапарының мақсат-мұраты асқақ еді. Алты құрлық көз тігіп отырған Еуропа чемпионаты өтетін Мюнхеннен Олимпиада алауы тұтанған Парижде дейінгі 1111 шақырымды жаяу жүріп өту. Мұндай мүмкіндікті құр жібергісі келмеген ол бір жылда физикалық формасын реттеп, салмағын 118 келіден 88 келіге дейін түсіреді. Еуропа жайлы етене ізденіп, ілім жинақтайды. Сонымен қоса, Олимпиада ойындарында ел намысын қорғап жүрген спортшыларға жанкүйер болмақшы. Тіпті, Еуропа ойындарына билет те алып қойған.

Еуропаға шенген виза алып, 7 шілде күні Астанадан Франкфурт арқылы ұшып, Мадридке жетеді. Испания астанасында Еуропаның ауа райына бейімделіп, әйгілі Реал командасының стадионы Сантьяго Бернабеуге дейін 33 шақырым жаяу жүріп, барып қайтады. Ұзақ сапарға соңғы дайындығын осы қалада пысықтайды.

Мадридтен Мюнхенге барар жолда ойламаған оқиға болды. Менің билетім «Мадрид – Измир – Мюнхен» бағытына алынған болатын. Маған ұшаққа билет алушылар визаның толық жағдайын түсінбей, қателескен екен. Мұны біз Измирге қонып, келесі ұшаққа беттеп бара жатқанда бірақ түсіндік. Аэропорт қызметкерлері «Сіз Мюнхенге ұша алмайсыз» дегенде төбемнен жай түскендей болды. Жоспарымның құл-талқаны шыққанын түсіну қандай қиын еді. Сөйтсек, шенген виза аймағындағы футбол матчына да билетті реттеп қойған едік. Осылайша Еуропаға сапар сәл шегеріліп, екінші жоспарланған Анкара-Бату-

ми бағытына жолға шықтым, – дейді барар бағыты осылай өзгерген жаяу жиһанкез.

Жаяу жиһанкез Түркияның қазіргі Президенті Режеп Ердоғанның туған қаласы Ризенің де үстінен өтті. Качар таулары мен Қара теңіздің арасындағы биікке орналасқан. Түркия ормандарының ең бай аймағы саналады екен. Жәдігерлерге толы музейлері көп дейді. «Соның бірегейін аралап жүріп, бесік пен ұршықты көріп, түбіміздің



мін бағытына жолға шықтым, – дейді барар бағыты осылай өзгерген жаяу жиһанкез.

Жаяуауапан осылайша жоспарын өзгертіп, Анкара қаласын аралап, ертеңде Батумиге жолға шығады. Сапары 24 күнге созылады. Жолда Чорум, Орду, Самсун сияқты Түркияның жиырмадан аса үлкен-кіші қалаларын басып өтеді. Трабзон қаласындағы Абай монументіне арнайы соғып, тағзым жасайды.

Трабзон туралы көп айтуға болады. 1 млн-ға жуық тұрғыны бар. Көне архитектура мен ескерткіштер жеткілікті екен. Маған керекті Абай бабамыздың ескерткіші еді. Трабзон таңында сол монументті іздедім. Нақты мекенжайын білмеген соң, гуглкартадан тердім. Екі жыл бұрын біраз арналар хабар таратыпты. Бір кілтті тек Ұлттық арнаның жаңалықтарынан тауып алдым. «Түркияда ашылған кезекті Абай мүсінінің Трабзондағы Қаратеңіз университеті әдебиет факультетінің аумағына орнатылуы тегін емес» депті. Яғни, Қара теңіз университетіне баруым керек. Картаға терсем, 5-6 шақырым екен. Бір жарым сағатта тауып алдым. Бірақ жету тым оңай болған жоқ. Абайды көргенде көңіл босап, іштей бір жылап алғанымды жасырмаймын.

Жаяу жиһанкез Түркияның қазіргі Президенті Режеп Ердоғанның туған қаласы Ризенің де үстінен өтті. Качар таулары мен Қара теңіздің арасындағы биікке орналасқан. Түркия ормандарының ең бай аймағы саналады екен. Жәдігерлерге толы музейлері көп дейді. «Соның бірегейін аралап жүріп, бесік пен ұршықты көріп, түбіміздің

бір екенін тани түстім. Туған жерге деген сағынышым осы кезде ерекше сезілді», – дейді ол.

Самсун қаласының тарихи орындарын аралаған ол әйгілі Бандырма паромы музейіне де соға кетті. Түріктер үшін аса қастерлі мекен жайлы жиһанкез былай дейді:

Алған әсер ғажап енді. Бір ұлттың қайта түлеу дәуірі осы жер еді. Түріктер үшін өте қастерлі мекен саналады. Атаүріктің Самсунға аяқ басқан паромы осы. Азаттықтың бастауы дейді бұл қаланы. Тәуелсіздік һәм болашақтың шаһары деп тегін айтылмаса керек. Кемедегі музейде турист өте көп. Кіру құны – 15 лира. 220 теңге. Әрі қарай 3 жарым шақырым жүріп, Куртулуш жолына бардым. Тәуелсіздік жолы 1919 жылы 19 мамырда Бандырма паромымен Самсунға келген Атаүріктің Амасияға кеткенін айқындайды. Жалпы түрік ағайындар теңіз жағасындағы шағын дүниемен туристер үшін үлкен дүние жасап қойғаны қуантады. Осылай түріктер үшін қастерлі екі тарихи жерден ерекше сезіммен әрмен қарай жолға шықтым.

Түрік жерін жаяу шарлаған Асхат Қажытай жолда қазақтарды жиі кездестіріпті. Кәдімгі еліміздің мемлекеттік нөмірін тағынған жеңіл көлік, жүк көліктерін жолықтырып, олармен туысқанын көргендей қауышыпты. Әсіресе, Қаратеңіздің жағасындағы қонақүйде қарағандылық мотоциклистер Иванмен жолығыпты. Ол да құны 20 млн. тұратын мотоциклімен әлемді шарлап жүр екен.

Жиһанкез Асхат өзі жүріп өткен жолды, көрген-білгенін «Facebook», «Instagram», «Tiktok» желілеріндегі парақшаларына жүктеп отырды. Тіпті, 1 миллионға жуық қаралым жинаған видеолары да бар. Осы ретте оқырман-

дарының белсенді болғанын да айта кетті.

– Мен жаяу жүріп өткен елдердің инфрақұрылымы мықты. Жолдың сапасына риза болдым. Жол дегенің экономикалық құрамымыз емес пе? Жол жақсы болса, туризм дамытыны сөзсіз. Жасыратыны жоқ, еліміздегі марафондарда 3-4 кроссовки ауыстыратын едім. Бұл жолғы сапарымда бір ғана кроссовки кәдеге жарады. Тағы бір таңғалатыным, интернет жүйесі. Теңіз деңгейінен қаншама биіктікте жүрсем де, бір үзілмеді ғой. Ауылда жүрсең бе, қалада жүрсең бе, бәрібір. Жерасты жолдың ішінде де сапалы интернетке қол жетіп тұрды. Туризмді шарықтап кеткен. Қара теңіздің жағасын керемет пайдаланып отыр. Бізде де мүмкіндік мол. Тарихымыз да, табиғатымыз да бай. Бірақ қолда бар алтынның қадірін білмей отырғанымыз өкінішті, – дейді трэвел-блогер.

Сөйтіп, жүріп өткен жолын күнделікті Garmin сағаты арқылы өлшеп те, үздіксіз әлеуметтік желімен жұмыс істеп те, тіпті, шағын кітапшасына өзіне керек ел мен жердің ақпаратын түргіп те үлгерді. Өйткені ол жазуға қажет. Күзде «Жаяудың жазбасы» атты мотивациялық кітабы шығады. Қазір күні-түні жазу үстелінде. 1111 шақырым сапары жайлы кеңінен сонда көсіледі.

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

«Жолдың жайын жүрген білер»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сапа сын көтере ме?

Аудан тұрғындарының сөзіне сүйенсек, жолдың жақсарғанын айтады. Бұрынғы шұрық-тесігі көп жолдың қашықтығы қысқарған. Ал, басқарма басшысы өңірдегі жол сапасына «үш» деген баға береді. Бұл туралы өзі:

– Біздің облыс – үлкен. Жолдары да қашық. Сол себепті жол сапасына «үш» деген баға беремін. Сапаны көтеру мақсатында тиісті жұмыстар атқарылууда.

Мәселен, Ақмола облысының (Анар ауылдық округі) шекарасынан Жамбыл облысының (Приозерск) шекарасына дейінгі аралық – 700 шақырымға жуық.

Құрылыс объектілерін тексеру үшін осы аралықта үнемі жүреміз. Негізі, объективті түрде қарасаңыз, бізде сапалы жолдар көп. Мысалы, Астанаға апаратын төрт жолақты тасжолды айтуға болады. 2000 жылдардың басында екі жолақты жолдың құрылысы басталғанын. Қазір кеңейді. Сол секілді басқа бағыттағы тасжолдар да қалықа келіп қалды, – дейді.



«Қарағанды-Жезқазған» жолының құрылысы басталған «Қарағанды-Балқаш» төрт жолақты автожолының екінші бағыты әлі ашылмады. Жалпы, екінші бағыты бойынша – 360 шақырым. Оның 202 шақырымына асфальттың үстіңгі қабаты төселген. Жақында Ақбастауға дейінгі аралық, яғни, 55 шақырымы ашылыпты. Енді жыл соңына дейін толыққанды пайдалануға беріледі деп күтілуде. Жол сапасын жөлушілерден сұрау мақсатында үнемі екі ортада қатынап жүретін көлік жүр-

гізушісімен тілдестік.

– Бұрынғыдай емес, жол жақсарды. Бұған дейін айналма жолдар көп еді. Қазір бәрін алып тастады. Енді жыл соңына дейін төрт жолақты тасжолды толық пайдалануға берсе екен. Соңғы кездері жол апаты жиі орын алып кетті. Жол бойы тәртіп сақшылары қарауылдайды. Тиісті жол белгілері де қажетті жерге қойылған. «Сақтансаң, сақтайды» дейді. Жылдамдықты шектен тыс асырмай, қауіпсіздік ережелерін сақтап жүрген абзал. Жол апатының бәрі осы қағидаларды ескермегендіктен болған

жағдайлар деп ойлаймын, – деді Еркәнат есімді көлік жүргізушісі.

Дәл осындай төрт жолақты тасжол «Қарағанды-Жезқазған» бағытына да салынады. Қос шаһардың арасы 513 шақырым. Оның 158 шақырымы – Қарағанды облысының аумағына кіреді. Басқарма басшысы алдағы уақытта осы тасжолға жөндеу жұмыстары жүргізілетінін баса айтты.

– Қазіргі уақытта «Қарағанды-Жезқазған» төрт жолақты автожолының жобасы әзірленуде. Біздің шекараға, яғни, күздімізге кіретін жол Жаңаарқаға дейінгі жетер-жетпес аралық. Қазір Қарағандыдан әрі қарай 40 шақырым жолды жөндеу жұмыстары күтіп тұр. Сметалық құжаттары әзір. Ал, жыл соңына дейін толық төрт жолақты тасжолдың сметалық құжаттары дайын болады. Содан кейін конкурс өтіп, жөндеу жұмыстары басталады. Автожол екі ауданның шекарасында жатқандықтан жөндеу жұмыстары екі қаладан бірдей басталады, – деді.

Діттеген жерге жетудің тиімді жолы жасалуда. Мәселе біргіндеп шешіледі. Ал, оның қызығын да көретін, сапасына да баға беретін – өзіміз!

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ҚҰРМЕТ

Біздің Ұстаз

Жылға жуық уақыттың ішінде еліміздің ғылыми ортасы «Сарыарқадағы тұңғыш өркеніет бесігі» деп танып отырған Нілді ауылында туып өскен, 1969 жылы дене шынықтыру техникумын бітіріп, ауылға ұстаз болып келіп, кейін осы саланың ЖОО-н бітіріп, зейнетке шыққанша көп жылдар бойы тапжылмай жергілікті Сәкен орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып істеген, осы тамылжыған тамызда 75 жасқа толатын болып отырған қадірменді ұстазымыз Қайролла Нұрабайұлы Әбілов туралы сөз толғамаспын.

Білікті де білгір ұстазымыздың бойында Жаратқанның пендесінің бойындағы ең құрметтейтін сипаттары – адамның қарапайымдылығы мен көркем мінезділігі болса, – осы қасиеттер саф алтындай бойынан күні бүгінге дейін жарқырап тұр.

Ал, енді, адамгершілігі, тынымсыз еңбекқорлығы, өзінің мамандығын жан дүниесімен сүйетін бірегей болмысын, шәкірттері біздер бойымызға құйып алдық деген пікірдемін.

Ұстазымыздың ауыл жастарын тәрбиенің төресі спорт әлеміне баулуға, өркендетіп өсіріп қанаттандырудағы рөлі алабын ерекше.

Қайролла Нұрабайұлы еліміздің жастарын спорт арқылы тәрбиелеу кеңістігіндегі қайталанбас тұлға дер едім. Оған негіз ұстазымыз дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жүріп, спорттың бірнеше түрінен бапкердің (тренер) жұмысын қоса атқарды. Өзі күресті сүйетін палуан ретінде, көптеген шәкірттері еліміздің чемпиондығына дейін көтерілді. Бір шәкірті халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 8 (сегіз) шәкірті спорт шебері, 30-дан астамы спорт шеберлігінен үміткерлер дәрежесін игерді. Атап айтсақ, Нилдің күрес атаулы киелі керуенінің көшін бастағандар: Өкен Қасымов (тұңғыш чемпион – 1975жылы), Мейірхан Аманбаев, Фазыл, Файзулла Байжановтар, Болат Әймішев, Жұман Османов, Қайыржан Мақажанов, Бақтыбай Шегенов, Шайқы Нақыпов, Жұматай Омарбеков, Ғазиз Балғабеков, Ерболат Әшімов,

Калкин Жанболат, Әділ Маясаров, Айдар Бейсенбаев, Мұрат Қайранбеков, т.б. болды. Жұлдызды палуандар көшін кейінгі жастар да абыроймен жалғастыра білді, олар Айдар Салхаев, Асауаев Жақсылық, Каден Медет, Өрік Балғабеков, Мереке Османов сынды палуандар оқушылар арасында Қазақстан чемпионаты біріншілігінің жеңімпаздары атанды.

Осы санатта грепплингтен еліміздің чемпионы болған Куат Сейітов, Қайролла Нұрабайұлының баласы Арман Әбілов самбодан спорт шебері, әлем чемпионатының жүлдегері атанса, спорт шеберлері Думан Қасымов, Жанаттар Сейсенбеков қазақ, самбо күрестерінен республикамыздың бірнеше дүркін жеңімпаздары болды.

Сонымен қатар, Жанат Сейсенбеков 2023 жылы Орал қаласында өткен Шеберлер (ардагерлер) арасындағы әлем чемпионы атанды.

Ұстазымыздың шәкірттері күрес қана емес ау, түрлі дистанцияларға жүгіруден де үлкен жетістіктерге жетті, атап айтсақ 1980 жылы 10-шы сынып оқушысы Штольц Герман – Балқаш қаласында жүгіруден өткен республикалық жарыста 100 метрлік спринтерлік аралықты (дистанция) 11-де. 002секундта жүгіріп өтсе, Серік



она болған Куат Сейітов, Қайролла Нұрабайұлының баласы Арман Әбілов самбодан спорт шебері, әлем чемпионатының жүлдегері атанса, спорт шеберлері Думан Қасымов, Жанаттар Сейсенбеков қазақ, самбо күрестерінен республикамыздың бірнеше дүркін жеңімпаздары болды.

Сонымен қатар, Жанат Сейсенбеков 2023 жылы Орал қаласында өткен Шеберлер (ардагерлер) арасындағы әлем чемпионы атанды.

Ұстазымыздың шәкірттері күрес қана емес ау, түрлі дистанцияларға жүгіруден де үлкен жетістіктерге жетті, атап айтсақ 1980 жылы 10-шы сынып оқушысы Штольц Герман – Балқаш қаласында жүгіруден өткен республикалық жарыста 100 метрлік спринтерлік аралықты (дистанция) 11-де. 002секундта жүгіріп өтсе, Серік

Балғабеков деген шәкірті Москвада 1994 жылы әскерде жүріп 5000метр қашықтықты 14.34 секундта жүгіріп өткен.

Бүгінгі облысымыздың әкімі Ермағанбет Бөлекпаев спорт ойындардың барлық түрлерін жоғары біліктілік деңгейінде игерген азамат. Данияр Қайранбеков белдемде – 33 рет тартылса, граната лақтырудан – 55 метр, бір орыннан тұрып ұзындыққа секіруден – 2м.67см, 16+16 гирді 94 рет көтереді.

Ұрыстық самбодан Серғазы Бақмағанбетов спорт шеберлігін орындады.

Қожанәсіп Жантас грепплингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әскери самбодан, қоян-қолтық жекпе-жектен спорт шебері, панкратионнан әлем кубогының иегері атанды.

Шәкірттері «Алтын адам» деп айдар таққан ұстазымыздың еңбегі мемлекет тарапынан елеулі марапатталды:

1990 жылы – Әдіскер мұғалім,
2007 жылы – Ы.Алтынсарин төсбелгісі,
2019 жылы – Құрметті спорт қызметкері атақтары берілді.

Спортпен шұғылданду-мектеп оқушылары үшін тәрбие мектебі десек, 1906 жылы еліміздегі, яғни Ақмола уезі, Нилді болыстығына қарасты Успен руднигіндегі алғашқылардың бірі болып салынған орыс-қазақ мектебінде, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин оқып, тоқып өнеге алған, табанының табы қалғаны тарихтан белгілі. Сол кезеңде еліміздегі жалғыз ғана өндіріс ошағы болған

Успен мыс руднигінде белгілі ғалым Қ.Сәтбаев зерттеу жұмыстарын жүргізсе, мемлекет қайраткерлері, ұлы академиктер Д.Қонаев, Ә.Сағыновтар өндірістік практикалардан өтіп, қызмет жолдарын бастаған.

Қасиет пен кие қонған Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Нилді ауылының (Өспен селолық округі) мектебінен келешекте мемлекеттің, ұлтының қамын ойлайтын небір майталман ұстаздар, білімпаз ғалымдар, өнер иелері мен спортшылар өсіп, өніп шығатынына сеніміміз мол.

Жұмағали МАҒЗИ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі
№277

ФЕСТИВАЛЬ

«Абайды оқы, таңырқа!..»

10 тамыз – Абай Құнанбайұлы күні. Кейінгі жылдары хакімнің аты құниіне орай түрлі мәдени-рухани шаралар көптеп ұйымдастырылып, жұртшылықтың одан сусындауы дәстүрге айналғаны жасырын емес. Қарағанды аймағы биыл да сол үрдісін жалғастырмақ. Атап айтқанда, Қарағандының Орталық саябағы 10 тамыз күні өнер сүйер қауымды құшақ жая қарсы алады.

Өйткені, бұл күні қазақ халқының ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған «Сарыарқа саздары» облыстық фольклорлық фестивалі салтанат құрады.

Фестивальді ұйымдастырушылар – Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық демалыс және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы.

Фестивальге ат арытып, Ақтоғай, Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет аудандарының өнерпаздары келмек. Қарағанды, Балқаш, Са-

ран, Шахтинск қалаларының фольклорлық ансамбльдері де осы фестивальден табылады деп күтілуде.

Әр өңір тақырыптық шағын концерттік бағдарлама ұсынады. Онда фольклорлық ансамбль, қазақ халық әндерін орындаушылары өнерін ортаға салып, Абайдың Қара сөздері мен өлеңдері жатқа оқылмақ екен.

Ажар МҰЗАФАРҚЫЗЫ,
СДУ-нің
III курс студенті



БРИФИНГ

Автобан құрылысы қашан аяқталады?

Облыс аумағында жол-көлік оқиғалары саны 175-тен 283-ке дейін көбейді. Оған қоса, қаза болғандар саны да көп. Осы орайда «ҚазАвтоЖол» Қарағанды филиалының басшысы апат жиі болатын «Қарағанды – Балқаш» тасжолының құрылыс жұмыстарына тоқталды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«ҚазАвтоЖол» өңірлік филиалының басшысы Ерлан Жұмағұловтың айтуынша, облыс бойынша жалпы ұзындығы 513 шақырым «Қарағанды – Балқаш», «Балқаш – Бұрылбайтал» трассасын қайта жаңарту жұмыстары әлі де жалғасады.

– «Қарағанды – Балқаш» учаскесінің жалпы ұзындығы – 363 шақырым. Оның биыл 50 шақырымға арналған қозғалыс бағыты ашылды. Жалпы, осы жобаны іске асыруда бес елдімекен – Жұмабек, Ақсу, Ақсу-Аюлы, Ақшатау, Балқашты айналып өтуге болады. Ауыл шаруашылығы техникасының өтуі үшін жасалған 32 жол өтпесі, 11 көпір, екі көлік айрығы және теміржол жолдары арқылы бір жол өтпесі бар.

Биыл жолға арналған жабынның жоғарғы қабатын төсеу жұмыстары жүріп жатыр. Әзірге жұмыстар 76 пайызға аяқталды. Сондай-ақ, қолданыстағы инженерлік коммуникация желілерін қайта құру 97 пайызға аяқталды, – деді Ерлан Жұмағұлов.

Филиал басшысының сөзіне сүйенсек, жолдың 50 шақырымында барлық жолақтар бойынша қозғалыс ашық. Тамыздың соңына дейін «ҚазАвтоЖол» компаниясы тағы 50 шақырым жолды Ақбастаудан Нұраталдыға дейін ашуды жоспарлап отыр. Тағы 50 шақырымы трассаны жаздың соңына дейін Балқаштан Ақшатауға дейінгі учаскеде ашу жоспарда. Қалған 210 шақырым жолды қазанның соңына дейін пайдалануға беруге ниетті.

– Жалпы, ұзындығы 151 шақырым болатын «Балқаш – Бұрылбайтал» тасжолында «ҚазАвтоЖол» компаниясы бұрын жолдың 91 шақырымындағы жол қозғалысын ашқан болатын. Биыл Тасарал ауылынан Жамбыл облысының шекарасына дейінгі жұмыстар жүрді. Қалған 60 шақырымын жол жұмысшылары жыл соңына дейін тапсыруға уәде берді, – дейді ол.

Ерлан Жұмағұловтың айтуынша, «Қарағанды – Балқаш» тасжолы автобан толығымен ашу мүмкін емес. Өйткені, барлық жерде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тосқауыл қоршаулар орнатылмаған.

– Төрт жолақ тосқауыл қоршаулары жабдықталып, тиісті белгілер

болған кезде ғана қозғалыс жолы ашылады. Өйткені, тосқауыл қоршаулары мен белгілер – жол қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Әзірге тек абағандыру бойынша жұмыстар толық аяқталған учаскелердегі жолды аштық. Қазір тосқауыл қоршауын орнату жұмыстары белсенді жүргізілуде, – дейді филиал басшысы.

Облыстың полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасқайрат Қайыровтың мәлімдеуінше, республикалық маңызы бар жолдардағы апаттылықтың алдын алу үшін жа-

сақтар саны 17-ден 37-ге көбейді.

Қызмет кезінде патрульдік полиция қызметкерлері апаттылыққа әсер ететін бұзушылықтарды анықтап қана қоймай, жүргізушілермен ұйқы және демалыс режимін сақтау туралы профилактикалық әңгімелер жүргізді. Халық арасында жол қозғалысы ережелерін сақтау туралы 7 200 мыңнан астам парақшалар таратылғанына қарамастан, оң нәтижелерге жеткенше жұмыстар жалғасатын болады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

Мектеп құрылысы – бақылауда

Бүгінде елде білім саласының жан-жақты дамуына баса ден қойылғаны ақиқат. Білім сапасы мен мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуы ұдайы назарда. Сонымен бірге, Президент ұсынған «Жайлы мектеп» жобасы қазіргі таңда жер-жерде өріс алып, биылдан бастап, су жана заманауи мектептер оқушыларды қабылдауға асығып жатыр. Бұдан Қарағанды аймағы да қалыс қалған жоқ. Айталық, облыста дәл қазіргі күні осындай он мектептің құрылысы қызу. Ал, жалпы, аталған ұлттық жоба негізінде облыста 18 мектеп бой көтереді. Соның екеуі – Шет ауданында.



Нақтырақ айтсақ, Шет ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 300 орындық екі мектеп құрылысы жүріп жатыр. Оның бірі – аудан орталығында, екіншісі – Сәкен Сейфуллин кентінде.

Шет ауданы әкімдігі сайтының дерегіне, бүгінде Ақсу-Аюлы ауылындағы мектеп құрылысының қарқыны бір қалыпты. Жаңа мектептің біріне Ыбырай Алтынсарин есімі берілсе, С.Сейфуллин кентіндегі мектеп Ахмет Байтұрсынұлы есімі иеленбек.

«Қос ғимараттың да құрылыс жұмыстарын жүргізуші мердігер компания – «Стинк ТФК» ЖШС-і. Қазіргі уақытта ғимараттың қабірғалары қаланып, төбе плиталары мен металл арқалықтары орнатылды. Ішкі электр монтаждау, сыртын қаптау, ішкі сантехникалық санды жұмыстары жүргізілуде», – дейді аудан әкімдігі.

Жалпы, «Жайлы мектеп» жобасының артықшылығы көп. Бұдан дейін таратылған деректерге сүйенсек, бірнеше спортзалдар, бастауыш пен жоғарғы сынып оқушыларына арналған бөлек блоктар, балаларға арнайы салынған дәретханалар, эко-жүйе бойынша кабинеттер болады. Мектептер заманауи интерьер бойынша жобаланып, безендіру талғамға сай жүреді. Бастауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктар қарастырылған. Әр блоктың өз асханасы мен спортзалы бар. Мектеп ішінде оқулықтар мен жеке заттарды сақтауға арналған жеке шкафтар орнатылады. Бұдан бөлек, әр қабатта оқушыларға арналған тынығу алаңдары да ұмыт қалмақ емес.

Ажар МҰЗАФАРҚЫЗЫ,
СДУ-нің
III курс студенті

Шет ауданы

2024 жылғы 19 тамызда, 16. 00 сағат, Қарағанды к., Әлиханов к-сі, 5 (кіші зал), ҚР ҰЭМ Кдрм Кар. облыстар, сайт, сондай-ақ, Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «АlemGaz» ЖШС-нің баға белгілеуді қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылған сұйылтылған сыйымды газды ГРУ арқылы бөлшек саудада өткізу қызметтеріне бағаның алдағы уақытта ұлғаюуы туралы ақпараттың қарау бойынша жария тыңдау өткізеді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызы бар нарықтарда.

19 августа 2024 года, в 16. 00 часов, по адресу г.Караганда, ул.Алиханова 5 (малый зал), а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>), Департамент Комитета по регулированию естественных монополий министерства национальной экономики Республики Казахстан по карагандинской области проводит публичное слушание по рассмотрению информации ТОО «АlemGaz» о предстоящем увеличении цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного газа через ГРУ, представленной в соответствии с Правилами формирования ценообразования на общественное – значимых рынках, утвержденных приказом Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 1 февраля 2017 года №36.

№186

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейраhana ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылытатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

273

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны жұмыс істейді. Сіздер басқарма қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарын бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты **43-22-43** телефоны бойынша хабарлай аласыздар.

д



Қоржында – тағы бір қола

Жеңіл салмақта екі дүркін әлем чемпионы, боксшы Назым Қызыбай Олимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды. Бұл – Париж Олимпиадасындағы ел құрамасының үшінші қола жүлдесі. Отыз жаста алғаш рет төрт жылдықтың басты бәсе-кесінде бақ сынап, қанжығаға қола байлау да оңай емес.

– Әрине, жартылай финалдағы кездесу ойдағыдай болмады. Бар күшімді салдым. Бірақ, қытай қызы ақылмен айласын асырып кетті. Іште «әттеген-ай» бар. Алтын медаль алғым келген еді. Алайда, осы қолаға да шүкір етуден басқа амал жоқ, – деді Назым Қызыбай.

Бұл жекпе-жек туралы түрлі пікір бар. Бірі «тактика дұрыс қойылмады» десе, кейбіреуі «дайындық шала» деп жатты. Ал, бокстан Қазақстан әйелдер құрамасының бас бапкері Елдос Сайдалинин де өз айтары бар.

– Барлық қыздарымыз жақсы жекпе-жек көрсетті. Халық күе. Ал, Назым төрт жекпе-жекті тартысты өткізіп, қола медальға қол жеткізіп отыр. Оның өзі – жетістік. Шындығында, бұл – алтынға бергісіз қола. Қытай қызы мықты екен деп, Назым еш аянып қалған жоқ. Бар күш-жігерін салып, соңына дейін жұдырықтасты. Бұл – спорт. Бірі жеңіп жатса, енді бірі жеңіледі. Назымға ешқандай реніш жоқ. Назым – мен үшін батыр қыз, – деді Елдос Сайдалинин.

Назымды Парижде ата-анасы қолдап келген.

– Назымды боксқа алғаш рет жолдасымның ағасы апарды. Жетінші сыныптан бастап, Назым спорт мектебінде тәлім алды. Қызымның арманы Олимпиадаға бару болатын. Арманына жетті. Жай барып қойған жоқ, оның тарихына есімін жазды. Елінің мерейін тасытты. Өзінің мықты былғары қолғап шебері екенін бүкіл әлем алдында дәлелдеді, – деді боксшының анасы Камшат Ахметқызы.

Бесінші тамызда өткен Олимпиада ойындарының нәтижесі бойынша жеңіл атлетика спор-

тынан Ольга Сафронова, қазақстандық мергендер стэнд атудан Әсем Орынбай мен Эдуард Ещенко және грек-рим күресінен Айдос Сұлтанғали бірінші айналымда жеңіліс тауып, ойынды тоқтатты. Олимпиада ойындарын грек-рим күресінен жеңіспен бастаған Әлімхан Сыздықов ширек финалда жеңіліп, жартылай финалға жолдама алмады.


– Белдесу барысында біздің ережеге қарсы аяқтан ұстау болды. Оны жекпе-жекте бірден сездім. Ережеге қарсы болғандықтан, артық қимыл жасамауға, күш құртпауға тырыстым. Қарсыласым әлемнің бірінші нөмірлі балуаны болды. Бірақ, мен де аянып қалмай, соңына дейін аяқастым. Нәтижесін көрдіміздер. Енді бұдан да мықты болуға күш саламыз, – деп атап өтті Айдос Сұлтанғали.

Ал, алтыншы тамызда бақ сынаған жеңіл атлетикадан 110 метрге жүгіруден Давид Ефремов фальстарт жасағаны үшін ойыннан шеттетіліп, жартылай финалға шыға алмады. Сонымен қатар, 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіруде финалда өнер көрсеткен Нора Джеруто да ойынды аяқтады.

Байдарка мен каноэ есуден 500 метр қашықтықта сынға түскен жұптар арасында Сергей Емельянов пен Тимур Хайдаров, Бекарыс Раматулла мен Сергей Токарницкий ширек финалда өнер көрсетті.

Ал, құзға өрмелеу спортынан сынға түскен Әмір Маймұратов 4,89 көрсеткішімен Олимпиада ойындарының рекордын жаңартып, көпшілікті тәнті етті.

Грек-рим күресін жеңіспен бастаған Демеу Жадрев іріктеуде



Суреттер ашық дереккөзінен

Алексис Куэро Муносты, ширек финалда кыргыз балуаны Ақжол Махмудовты, жартылай финалда әзербайжандық Санан Сүлеймановты айқын басымдықпен жеңіп, финалға өтті. Бұл күтпеген тосынсыз сыйды өшіп бара жатқан үміті шоғын қайта үрлегендей жылы жаңалық болды.

– Демеу – біздің батырымыз. Елдос Сметевтің алтын жүлдесі спортшыларымызға жігер берді. Әр спортшы Олимпиадаға бар мүмкіндігін көрсетуге келеді. Осыған дейін белдескен балуандарымыз да бар күш-жігерін салды. Бүгінгі белдесу Демеу үшін қиын болды. Демеу – балуандар арасында жасы үлкен спортшы. Бірақ, ол өзінің тәжірибелі балуан екенін жалпақ әлемге паш етті. Жаттығу жиындарында жақсы дайындалғанын байқатып, боз кілемде атойлап, ойнақ салды. Әр кезеңде Демеумен күрескен қарсыластар



да осал емес. Демеудің финалға шығуы – грек-рим күресінен Қазақстан құрамасындағы барлық бапкердің жетістігі. Тарихи оқиға. Жеке бапкері Боранбек Қоңыратовты құттықтаймын. Финал да біз үшін сәтті болады деп үміттемін. Мен үшін нәтиже емес, белдесудің жақсы өткені әлдеқайда маңызды. Жақсы белдесуде жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады, – деді грек-рим күресінен Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Юрий Мельниченко.

Ал, жетінші тамызда бақ сынаған спортшылар арасында ескек есуден Бекарыс Рахматулла ширек финалға жолдама алса, 58 келі салмақта таэквондо спортынан сынға түскен Самирхан Абабакиров жеңіліс тауып, Олимпиада ойындарын аяқтады.

Ал, грек-рим күресінен Нұрсұлтан Тұрсынов іріктеу кезеңінде мысырлық Мохамед Метваллиді жеңіп, келесі кезеңге өткенімен, ширек финалда украиналық Жан Беленюкке есе жіберіп қойды. Велотректен жарыс жолына шыққан Андрей Чугай іріктеу кезеңінен өте алмады.

Грек-рим күресінің финалында Демеу Жадрев пен бокстан ақтық сында сынға түсетін Нұрбек Оралбайдан қалып қазақстандық үміт күтіп отыр...

Әзірге Олимпиада күнделігінің есебінше, қоржында – 1 алтын, 1 күміс, 3 қола тұр.

**Аружан СЕРІКБАЙ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің
III курс студенті**

• МЕРЕЙ

Жазиралы Жамшының тойы

Ақтоғай ауданындағы Нұркен ауылының құрылғанына – 50 жыл толуына орай, ауыл халқы бірігіп, ұланасыр той жасады. Той аясында жұртшылық көп шоғырланатын аумақтар абаттандырылып, жаңарту жұмыстары жүргізілді. Әуел баста Жамшы атанған жазиралы мекеннің саябағында киіз үйлер тігіліп, ақ дастарқан жайылды. Ауыл тұрғындары мен қонақтары үшін концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, жиылған жұрт ұлттық ойындардан сайысқа түсті.

**Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Бір айта кетері, мерекелік шараны ауыл тұрғындары өздері ұйымдастырған. Бұған қоса, қомақты қаржы жинап, ақшаны Нұркен селолық округін көркейтуге бағыттапты. Мереке аясында атқарылып жатқан іс-шаралардың барлығы ауыл тұрғындарының талап-тілектерін ескере отырып жасалған. Қасиетті ауылдың тарихы той үстінде тарқатылып, тағылымды шаралар жалғасын тапты.

Дүбірлі тойдың басы округ әкімдігі ғимаратына алғашқы директоры Қауаз Мұқанжановқа арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанатымен басталды. «Жамшы» кеңшарының іргетасын қалаған алғашқы директор Қауаз Мұқанжанұлы туралы замандастары естелікпен бөлісіп, ақжарма тілегін жеткізді.

– Қауаз Мұқанжанұлы – Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, есімі «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты кітабына енген тарихи тұлға. «Халықтар достығы» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», тағы басқа медальдардың иегері. КСРО АШМ шешімімен республика ғалымдарымен бірлесіп «Дегерес» қой тұқымының авторы, – деді Қауаз Мұқанжановтан кейін директор қызметін атқарған, мемлекеттік қызмет ардагері Мейірман Тәттібеков.

Бұдан кейін той аясында жөндеуден өткен «Шопан ата» ескерткішінің ашылу салтанаты өтті.

Сонымен қатар, Нұркен ауылдық округінің әкімі Жантемір Құдайбергенов, той ұйымдастыру алқасының төрағасы, ақын Бақытжан Әрінов құттықтау сөзін жеткізді.

Жеке кәсіпкер Талғат Серменов пен Мейрамгүл Қуатбекова 1 миллион теңге тұратын толық комплектілі музыкалық аппаратураны ауылдың мәдениет үйіне сыйлады. Аймақтық «Балқаш өңірі» газеті ақпараттық қолдау көрсетті.

Мерейлі тойдың екінші күні «Жамшы» асыл тұқымды қой өсіру кеңшарында алғашқы құрылған күннен бастап еңбек

еткен марқұмдарды, батыр бабаларды, көрнекті тұлғаларды еске алып, аруақтарға құран бағыштаумен басталды. Нұркен ауылдық округінің бас имамы Жүніс Әбділлаұлы қатым Құран түсірді. Ақтоғай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Серік Қабылұлы көпшілікті мерейтоймен құттықтады.

Мерейтой қарсаңында Мұхтарбек Шоқанов пен Манарбек Ибраһимнің «Аксенгір – қайнар бұлағым» тарихи-танымдық естелік кітабы және Еркін Аяғанның «Жамшы тарихы» тарихи-деректік кітабының тұсауы кесілді. Жазба ақындар арасында «Аяулы Жамшы мекенім» тақырыбында өткен мүшәйра жеңімпаздары марапатталды.

Отыз ақынның ішінен іріктеліп шыққан ақын Мүсіркеп Сейдахмет I орынды, Саят Тұяқбаев пен Айдын Байыс II орынды,



Қуаныш Аманқұлов, Ардақ Игенова, Манарбек Ибраһим III орынды еншіледі. Сондай-ақ, арнайы сыйлықты Жандос Түшенов қанжығасына байлады.

«Жамшы» триосының орындауында Манарбек Ибраһимнің «Перзентімін Жамшының» әні мен Ардақ Игенованың «Нұркен батыр мектебі» атты жаңа әнінің тұсауы кесілді. Жаңа туындыны әнші Риназ Қонақбай шырады. «Тоқырауын толқыны» ансамблі көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Арқаның толағайлары қазақ күресінен сынға түсіп, мықтыны анықтады. Нәтижесінде, 74 келі салмақ дәрежесінде III орын Нұрмұхаммед Ботбай (Қызыларай), II орын Айбол Әбдікәрім (Ақтоғай ауданы), I орын Бекслан Сатыбалдинге бұйырды. 82 келідегі балуандар сайысы да ұзаққа созылды. Бұл белдесуде III орынға Ержан Теміржанов (Балқаш қаласы), II орынға Мағди Дүйсетай (Қарқаралы), I орынға Саяхат Мәжкен (Ақтоғай ауданы) табан тіреді. Қарсыластарынан басым түскен Саяхат

Мәжкен бас балуан атанып, бөйгеге тігілген мотоциклді еншіледі.

Аламан бөйгеге 17 ат жарыс жолына шықты. Ақтоғай ауданы, Нұркен ауылдық округі, Жидебай ауылының қос бірдей аты бөйге алдынан көрінді. Ержан Жүнісовтің «Томирис» атты тұлпары мәре сызығын бірінші кесіп, 1 млн. теңгені еншіледі. Екінші орынды Мәдікен Сексенұлының «Қазына» атты арғымағы 500 мың теңгені иеленді. Үшінші болып, Жаңаарқа ауданының Бидайық ауылынан келген Нұрсұлтан Құлмановтың «Сұлққара» атты сәйгүлігі 300 мың теңгені қанжығасына байлады. Төртінші орын Ақадырдың атынан қатысқан Нұрбол Қоймановтың «Самал» есімді жүйрігіне бұйырды.

Айтулы істің басы-қасында жүрген ауыл азаматтарына, мекеме ұжымдарына арнайы Алғыс хат табысталды.

Ақтоғай ауданы

Суреттер шараны ұйымдастырушылардан

